

Ш.Е. Канафьева

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: shinar.kanafyeva@kaznu.kz

ОҢТҮСТІК АЗИЯНЫҢ ДӘСТҮРЛІ ҚОҒАМДАРЫНДАҒЫ ТАЙПАЛЫҚ ФАКТОР (пуштун этносы мысалында)

Пәкістанның дәстүрлі қоғамы әркілі және оның этникалық құрамы пуштундар, белуджилер, пенджабтар және т.б. өз дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары бар тағы бірнеше рулар мен тайпаларға бөлінген. Осылайша, Пәкістанның ұлттық бірегейлігінде елді бір платформаға біріктіру факторын тұрақсыздандыратын берік негіз жоқ деп айтуға болады. Сонымен қатар, исламдық сәйкестік пен ұрду тіліне негізделген пәкістандық ұлтшылдық әртүрлі этникалық топтарға толығымен ортақ емес, олардың арасында бір жағынан кландар, екінші жағынан тайпалар маңызды рөл атқарады. Осыны негізге ала отырып, елде бірқатар этникалық және тайпалық ұлтшылдық қозғалыстар туындауы мүмкін деп айтуға болады, өйткені олардың туындауына себепші факторлар әлі де бар. Тәуелсіздік алғаннан кейін Пәкістан әртүрлі этникалық сәйкестіктермен біріктіруші бірегейлікті құру үшін «ұлттық мемлекет» әдісін қолданды, бұл өзара мәселелерді тудырды. «Бәрін қамтитын» көзқарас елдің әртүрлі аймақтарында бірқатар ұлтаралық қақтығыстардың да негізін қалады. Жоғарыда айтылғандарға сүйене отырып, бұл мақалада Пәкістанның руларының, тайпаларының және кландарының негізгі аспектілері пуштун этникалық құрамы мысалында қарастырылды, өйткені олар да өзіндік болмысын біріктіруге ұмтылуда. Пуштун этникалық тобының көңіл-күй факторын ескере отырып, мақалада дәстүрлі қоғамдағы тайпалық факторды Оңтүстік Азия тұрғысынан жан-жақты талдауға талпыныс жасалды. Зерттеудің теориялық және әдістемелік негізіне шетелдік авторлардың далалық зерттеулерінің нәтижелері, сондай-ақ отандық және ресейлік зерттеушілердің еңбектері пайдаланылды.

Түйін сөздер: Пәкістан, дәстүр, қоғам, ру-тайпа, қарым-қатынас.

Sh. E. Kanafyeva

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty
e-mail: shinar.kanafyeva@kaznu.kz

The Tribal Factor in Traditional Societies in South Asia (on the example of the Pashtun ethnic group)

The Pakistani traditional society is versatile and its ethnic groups, such as Pashtuns, Balochs, Punjabis, Talpurs and others, are divided among themselves into several more clans and tribes, which have their own specific traditions and customs. Thus, it can be said that the national identity of Pakistan lacks a solid foundation that destabilizes the factor of uniting the country on one platform. In addition to this, Pakistani nationalism, based on Islamic identity and the Urdu language, is not fully shared by various ethnic groups, among which clans on the one hand and tribes on the other play an important role. Based on this, it can be stated that a number of ethnic and tribal nationalist movements may arise in the country, since the factors that cause them still exist. On the territory of Pakistan there is no single «nation», which is spread by the state of Pakistan. Pakistan is home to many clans, tribes, clans and ethnic groups that are very closely related to their origin, language and culture. After independence, Pakistan used a “nation-state” approach to create a unifying identity with very diverse ethnic identities, which turned out to be problematic. The all-inclusive approach has also provoked a number of inter-ethnic conflicts in different parts of the country. Based on the foregoing, this article discusses the main aspects of the bloodlines, tribes and clans of Pakistan on the example of the Pashtun ethnic group, which also strives to unite their own identity. Taking into consideration the mood factor of the Pashtun ethnic group, the article attempts a comprehensive analysis of the tribal factor in traditional society from the perspective of South Asia. The theoretical and methodological basis of the study was the results of field studies by foreign authors, as well as the work of domestic and Russian researchers.

Key words: Pakistan, tradition, society, tribe, relationship.

Ш.Е. Канафьева

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Казахстан, г. Алматы
e-mail: shinar.kanafeva@kaznu.kz

Племенной фактор в традиционных обществах Южной Азии (на примере пуштунского этноса)

Пакистанское традиционное общество разностороннее и его населяющие этносы, такие как пуштуны, белуджи, пенджабцы, тальпуры и другие разделены между собой еще на несколько родов и племен, у которых свои специфические традиции и обычаи. Таким образом можно сказать, что национальная идентичность Пакистана лишена прочной основы, которая дестабилизирует фактор объединения страны на одной платформе. Помимо этого пакистанский национализм, основанный на исламской идентичности и языке урду, не полностью разделяется различными этническими группами, среди которых важную роль играют кланы с одной стороны и племена с другой. На основе этого можно констатировать, что в стране может возникнуть ряд этнических и племенных националистических движений, поскольку факторы, вызывающие их, все еще существуют. В Пакистане проживает множество родов, племен, кланов и этнических групп, которые очень тесно связаны со своим происхождением, языком и культурой. После обретения независимости Пакистан использовал подход «национальное государство» для создания объединяющей идентичности с очень разнообразной этнической идентичностью, что оказалось проблематичным. Всеобъединяющий подход также спровоцировал ряд межэтнических конфликтов в разных частях страны.

Хотя Пакистан страдает от множества социальных, политических и экономических недугов, одной из очень важных проблем, которая меньше всего привлекает внимание мыслителей и политиков, является племенной характер этого общества и порождаемые им многоплановые трудности. Трайбализм является повсеместной и яркой чертой пакистанского общества и имеет обширные и глубокие последствия для общества и государства. Основываясь на изложенное в данной статье рассмотрены основные аспекты родов, племен и кланов Пакистана на примере пуштунского этноса, которые так же стремятся к сплочению собственной идентичности. Учитывая фактор настроения пуштунского этноса, в статье проделана попытка комплексного анализа племенного фактора в традиционном обществе в ракурсе Южной Азии. Теоретическую и методологическую основу исследования составили результаты полевых исследований зарубежных авторов, а так же работы отечественных и российских исследователей.

Ключевые слова: Пакистан, традиция, общество, племя, взаимоотношения.

Кіріспе

Көп дінді және ру-тайпалық қатынастары құрамымен ерекшеленетін Оңтүстік Азия аймағының тарихында діни азшылықтар мен ру-тайпалық фактор ерекше рөл атқарады. Оңтүстік Азия елдерінде отаршылдық ықпалдың әлсіреуінен ру-тайпалық топтар екі елдің, яғни Пәкістан мен Үндістанның әлеуметтік-экономикалық және саяси өмірінің маңызды құрамдас бөлігіне айналды. 1945 жылдардан басталған жекелеген азшылықтардың көпшілік қауымдармен – Үндістандағы индустар және Пәкістандағы мұсылмандар арасындағы қарым-қатынасындағы шиеленіс дәлел бола алады.

Отандық тарихнама шеңберінде Пәкістан мемлекеті стратегиялық жағынан әрі аймақтағы салмағы жоғары ел ретінде күн өткен сайын өзектілігін арттырып келеді. Сол себепті бүгінгі таңда Пәкістанның соғыстар мен қақтығыстар құрсауындағы ел іспетті емес, керісінше оның ішкі құрылымын зерттеу және ел ішіндегі рулық қатынастардың ерекшеліктерін қарастырудың

маңызы жоғары деуге негіз бар. Себебі, бір жағынан Пәкістанның этникалық құрамы біртекті емес және бұл елге Ауғанстан пуштундары мен Үндістан белуджилерінің ықпалы жоғары, екінші жағынан алғанда зерттеуге арқау болған елдің ішкі құрылымы өзара бөлініп, ру-тайпалық дәстүрдің де елдің дамуына елеулі ықпалы бар екендігі анық (Kennedy, 199: 10).

Батыс пен шығыс елдерінің тарихнама-сында Пәкістан «жеке басын іздеуде» және «соғыстан басы шықпайтын ел» деген тұжырым әдеттегі жағдайға айналды (Москаленко, Сидоров, 1979: 17). Дегенмен, Шығыс Пәкістанның 1971 жылы Бангладештің құрылуынан бастап, Белуджистандағы жалғасып жатқан қақтығысқа дейін, елдің 1947 жылы тәуелсіздік алғаннан бері бетпе-бет келген қайшылықтары шын мәнінде Пәкістанның ұлт туралы консенсуалды тұжырымдамаға қолжеткізе алмағанын көрсетеді (Гордон-Полонская, 1963). Оңтүстік-азиялық индустар мен мұсылмандар бір мемлекетте үйлесімді өмір сүре алмайды деген екі ұлт теориясы Пәкістандағы мемлекеттік ұлтшылдықтың

негізгі идеологиясын қамтамасыз етеді, бірақ ол бұрынғыдай біріктіруші тұжырымдама ретінде әрекет ете алмайды деген ойлар да баршылық (Назқани, 2006).

Ресей тарихнамасында Пәкістан Оңтүстік Азиядағы діни жағынан маңызды ел ретінде қарастырылуда және басым бөлік еңбектерде ресейлік авторлар аймақтағы діни қақтығыстарды зерттеу айналасында қордаланған. Мәселен, В.Я. Белокреницкийдің кешенді еңбегінде Пәкістанның құрылуы мен дербес мемлекет ретінде сақталуының факторларын және Оңтүстік Азия аймағында Үндістанның ықпалы нәтижесінде өзінің тұтастық территориясы мен тиесілігін қорғай алама деген ойлары басылымдыққа ие (Белокреницкий, 2016).

Дегенмен, зерттеу нысанына айналған бұл зерттеуде Пәкістан елінің ішкі ру-тайпалық құрылымының ара жігін ажыратуға және сол елге барған сапардағы сыртқы бақылаушы көзқарасты тұжырымдауға негіз қалыптастыруға тырыстық. Себебі, Пәкістанның дәстүрлі бөліктерінде қоғамдық ұйым Үндістанда қолданылатын касталық жүйенің айналасында емес, туыстық қатынастардың айналасында шоғырланғаны байқалды. Барадари (*berādarī* – патрилинаж) сөзбе-сөз аударғанда «бауырластық» деген мағынаны білдіреді және ол ең маңызды әлеуметтік институт болып табылады. Елде эндогамия кеңінен қолданылады, көбінесе Батыс қоғамында орынсыз деп есептелетін дәрежеде. Көптеген пәкістандық қауымдастықтардағы ер адам үшін ең қолайлы неке әкесінің ағасының қызымен, ал басқа көптеген топтардың арасында неке әрқашан барадариде болады. Ру-тайпа ақсақалдары тектік ішіндегі дауларды шешетін және сыртқы әлеммен руы атынан әрекет ететін кеңесті құрайды, мысалы, саяси адалдықтарды анықтауда және ру-тайпалар арасындағы «қанды кек алу» барысында. Бірақ, қазіргі Пәкістанда әлеуметтік өзара әрекеттестіктің тарихи үлгілеріне негізделген рулық-таптық ерекшелік мәселесі адамның руы ата-бабадан шыққанын көрсету тенденциясымен бұлыңғыр болып кеткен. Алайда, белгілі бір атаққа қойылатын талаптың күмәнді шынайылығына қарамастан, әлеуметтік мәртебенің жіктелуі Пәкістанда қатты сақталған.

Тақырыпты таңдауды дәйектеу және мақсаты мен міндеттері

Кез келген мемлекеттің құрамында автохтонды халық пен негізгі этникалық құрылымдар

мемлекет пен қоғамды байланыстыратын мәдени дәстүрдің, саяси экономиканың, модернизацияның, урбанизацияның және дамудың ерекшеліктерін білдіреді. Этникалық, ру-тайпалық, діни конфессиялық және аймақшылдық мәселелері Пәкістанның түпкір аймақтарына дейін негіз салған және өмірдің әр саласында либералды даралық пен мәдени ерекшеліктеріне деген құрмет көрсетуді талап етеді. Пәкістандағы этникалық әртүрлілік пен ру-тайпалық негізгі тарихи ұлттардың, панжабилердің, синдилердің, пуштундардың, сарайки және белуджилердің, соның ішінде басқа да ірі және кіші этно-лингвистикалық топтардың болуы тұрғысынан анықталады. Бұлардың барлығы Пәкістанның өзге елдермен салыстырғанда өзгешелігі мен даралығын білдіреді.

Жалпы зерттеу барысында Пәкістанның 2011 жылы жүргізілген халық санағы нәтижесі әрқилы. Зерттеушілердің пайымына қарағанда этникалық және ру-тайпалық құрылым жағынан Пәкістан халқы алты негізгі және көптеген шағын топтарға бөлінеді, олардың басым бөлік тобы синдхилер, белуджилер, пуштундар, пенджабилер, сарайкилер және урду сияқты мәдениеттерге, аймаққа және тілге сәйкес жіктелген. Нәтижеде пенджабилер демографиялық тұрғыда бірінші орынды алып 44,2% халықты құраған, ал екінші орында 15,4% пуштундар, үшінші орында 14,1% синдхтар, 10,1% сарайкистер, төртінші орында урду және белуджилер 7,6% және тиісінше 3,6% халық болып бөлінген (Mohammad, 2011: 7). Дегенмен, ағымдағы жылы (2023 ж.) Пәкістандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барсында елдің 7-ші алғашқы цифрлық халық санағы жүріп жатқан еді. Пәкістанның Статистика бюросы және мүдделі тараптар бірінші цифрлық санақты аяқтау тапсырмасын орындап, елдің тарихында өткен Бірінші цифрлық санақты 2023 жылдың 5 тамызында аяқтады. Елдің демографиялық ахуалын сараптау үшін арнайы комиссия құрылды, ол өз кезегінде 50-ші отырыста Ортақ мүдделер кеңесі мен Пәкістанның премьер-министрі Мұхаммед Шахбаз Шарифтің төрағалығымен өтті. Жиынға барлық облыстардың бас министрлері де қатысты. Санақ 2023 жылдың 1 наурызында басталып, ағымдағы жылдың 5-ші тамызында аяқталды және қорытынды бойынша Пәкістан халқының жалпы саны 241,49 млн. адамды құрады (<https://www.worldometers.info/world-population/pakistan-population>). Пәкістан халқының ұлттық және ру-тайпалық құрамы бойынша жіктеулер де ресми ақпаратта жа-

рия етілді. Оның қорытындысына қарағанда ел ішіндегі әрбір ұлт өкілі мен ру-тайпаның өсімі байқалады: пенджабилер демографиялық тұрғыдан бірінші орынды алып 52,51% өскен, пуштундар өз кезегінде 16,53% көрсетті, синдхтар 23,98 жетті, белуджилер болса жалпы санның 5,98% төмендеген (World Employment & Social Outlook). Пәкістан халқының он жылдық демографиялық жағдайын сандық сарапта тұрғыдан салыстырмалы қарайтын болсақ, елеулі өсімнің бар екендігіне көз жеткізуге болады. Алайда өзара ұлттық бірегейлік тұрғыдан зерделейтін болсақ, синдхтардың өсімі мен пуштундардың пайыздық көрсеткіштің азаюы болашақта ұлттық бәсекелесікке тіруі ықтимал.

Пәкістанның дәстүрлі қоғамында егемендік, провинциялық автономия, аймақтық автономия және өзін-өзі анықтау үстемдік ететін ру-тайпалық топтар элитасының басқаларға өз еркін таңатын нысандары болып табылады және олар өз бетінше үстемдік етуге ұмытылады. Кейде байқалғандай ру-тайпалар еркіндікті, орталық үкіметпен бірігуді және федералдық құрылымдағы үлкен автономияны талап етеді. Ел ішіндегі ірі ру-тайпалардың келісімді бірлікті қамтамасыз ету үшін аймақтық, сонымен қатар аймақтық емес топтардың провинциялық шекараларын өзгерткісі келеді. Тілдік-мәдени базасы ірі этностар мен ру-тайпалары өз тілдері мен мәдениеттерін қорғау мен дамытуды талап етеді. Бұл Пәкістанның дәстүрлі қоғамының ішіндегі этникалық топтар мен ру-тайпалардың өздерінің жеке ерекшеліктері мен мәдениетін қамтамасыз етуге ынталандыратын тұрақты белгілер болып табылады.

Мақаланың мақсаты – Пәкістан мемлекетінің дәстүрлі қоғам ішіндегі ру-тайпалардың, соның ішінде пуштундардың өзара руларға бөліну ерекшеліктерін және олардың мәдени дамуындағы мемлекет шеңберіндегі маңыздылығын айқындауға бағытталған.

Мақаланың міндеттері. Белгіленген мақсатқа қол жеткізу барысында екі кешенді міндеттерді жүзеге асыру көзделді:

- Пәкістан елінің дәстүрлі қоғамын шетелдік зерттеушілердің далалық материалдары бойынша саралау, талдау және пуштун этносының ішіндегі ру-тайпалардың деректемелік базасын дәйектеу;

- мемлекеттегі пуштун этносының ішіндегі ру-тайпалардың өзара қарым-қатынасы мен бүгінгі таңдағы Пәкістанның дәстүрлі мәдениетінің өзектілігін айқындау.

Деректік және теориялық-методологиялық негізі

Пәкістанның дәстүрлі қоғамы мен жалпы әлеуметтік-қоғамдық институттардың құрылымы тәуелсіздікке қол жеткізгеннен кейін құрылған соң маңызды орынға ие болды. Қоғамның тарихи, әлеуметтік және дәстүрлі трансформациясы толық ұйымдасқан және әлеуметтік бірлік арқылы өркендеу құрылымын құруға дайын екендігін көрсетті. Бұл ұлттық және аймақтық даму үшін маңызды факторлардың біріне айналды. Заманауи білім беру, электронды БАҚ, озық технология, батыстандыру және урбанизация арқылы жаңғырту процесі қайткен күнде де ру-тайпалық байланыстарға өз әсерін тигізді. Бұл үдерісте ру-тайпалардың көзқарасын, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүріне, талғамдары мен өмір сүру тәсілдері елеулі ықпалын тигізбей қоймады (Rais, 1989: 19-21). Дегенмен, әлеуметтік жоспарлаусыз қоғам ішіндегі ру-тайпалардың модернизациялау үдерісіне жылдам енуінде көптеген мәселелер туғызды. Бұл қайшылықтар да халықты өзінің дәстүрлі құндылықтары мен әлеуметтік, мәдени, этникалық және тілдік үстемдік нормалары арасындағы қайшылыққа алып келді.

Мақаланы жазу барысында әлеуметтік-саяси және мәдени процестерді танудың диалектикалық әдісі пайдаланылды. Зерттеуде формальды мәдени, тайпалық және басқа да қатынастарды зерттеуге қажетті жеке ғылыми зерттеу әдістері, құқықтық құрылымның үлгілері мен нысандарын салыстыру мақсатында тәуелсіздік алғаннан кейін Пәкістан территориясын мекендеген рулар мен тайпаларға салыстырмалы тарихи талдау жасау және ел ішіндегі ұлттық бірегейлікті айқындайтын Пәкістанның конституциялық-құқықтық жүйесінің қалыптасуы мен одан әрі дамуын талдау үшін тарихилық ұстанымы қатаң сақталды.

Зерттеудің тақырыбы жүйелік талдау әдісін кеңінен қолдануды көздейді. Сол себепті Пәкістанның дәстүрлі қоғамы мен ру-тайпалық ара қатынастарын зерттеу барысында конституциялық-құқықтық жүйенің өзекті мәселелерін зерттеуде саясаттану, әлеуметтану, мәдени-психологиялық талдау түрлерін қамтитын пәнаралық кешенді тәсілдері қолданылған. Сонымен қатар, нормативтік база пайдаланылды, яғни – Пәкістанның Ата заңы, заңнамалық актілер, оның ішінде мемлекет басшысының жарлықтары мен өкімдері,

Жоғарғы Соттың прецеденттік шешімдері. Бұл ретте отандық тарихнамада бұрын зерттелмеген урду тілінде жарияланған бірқатар нормативтік құқықтық актілерге де талдау жасалды.

Отандық және шетелдік зерттеушілердің еңбектері зерттеудің теориялық негізін қазіргі мәдениетаралық қатынастар ғылымының озық жетістіктерімен сәйкестендіруге мүмкіндік берді. Зерттеуді жазуға Пәкістанның саяси, экономикалық және әлеуметтік мәселелерін зерттеуге маманданған ресейлік зерттеушілердің еңбектері айтарлықтай қарастырылды. Олардың арасында В.Я. Белокреницкий, Ю.В. Ганковский, И.В. Жмуйда, Н.А. Замараева, С.Н. Каменова, Н.В. Мелехин, В.Н. Москаленко, О.В. Плешов, В.И. Сотников, П.В. Топычановдың еңбектерінде Пәкістан халқының этникалық құрамы, елді мекендеген ру-тайпалардың пайыздық үлесі және дәстүрлі қоғамның ерекшеліктерін айқындайтын мәселелері тек ішінара қарастырылады (Пластун, 1995: 47-52).

Пәкістандық зерттеушілер арасында тақырыпқа тікелей қатысы бар Г.В. Чоудхридің, Абрар Хусейн Бохаридің, Хамид Ханның, Махмуд Дилавардың, Мұхаммед Аминнің, Сафдар Махмудтың және т.б. деректік және аналитикалық материалдарға бай жұмыстары кеңінен осы мақалада ғылыми айналымға тартылды. Пәкістандағы дәстүрлі қоғам мен ру-тайпалардың өзара ынтымақтастығын айғақтайтын үдерістер Чарльз Кеннеди, Лоренс Зириг, Джеффрилот Кристофер, Уильям Рихтер, Ануп Чанд Капур, Малуки Хали және т.б. шетелдік зерттеушілердің қаламынан шыққан. Бұл жұмыстар далалық экспедиция материалдарына негізделгеннен кейін, Пәкістанның ішіндегі ру-тайпалардың географиялық орналасуын нақты көрсетуге мұрындық болды (Banuazizi, Myron, 1986: 29-31).

Нәтижелер мен пікірталас

Пуштун халқының жалпы сипаты мен тіл мәселелерінің саралануы. Пәкістандағы ру-тайпалық ұйымның сақталуы, сондай-ақ тайпалардың рөлі мен олардың автономиясы пуштундардың дәстүрлі қоғамының ерекшеліктерін зерттеуге деген қызығушылығын арттыруда. Ру-тайпа әлеуметтік топ ретінде шығу тегіне, мәдениетіне, тілі мен әдет-ғұрпына қарай ерекшеленетін шаруашылық, қандас және рулық жүйе белгілеріне негізделген әлеуметтік ұйымның ең көне нысаны болып табылады. Дегенмен, тайпалар жаңа жағдайларға бейімделу

мен таптық қоғам және әлсіз мемлекетте өз орнын табады деген ғылыми тұжырымдар баршылық (Khan, 2004: 117). Пәкістандық ру-тайпалар саяси және идеологиялық қондырманың элементі ретінде жалпы аңызға айналған шежіре қызмет ететін көптеген отбасылық топтардың (кландардың) қарулы ұйымдары мен әскери-саяси бірлестіктері ретінде қалыптасқан іспетті.

Пәкістанның дәстүрлі қоғамының негізгі этникалық құрамын пуштундар тобы сан жағынан пенджабилерден кейін екінші орынды алып отыр және оның ру-тайпалық құрамы әрқилы. Пуштундардың негізгі бөлігі Пешавар қаласы болып табылатын бұрынғы Солтүстік-Батыс шекаралық провинцияда шоғырланған (Pakistan, 2003). Пуштун қоғамы кландық мүшелік белгілеген қатаң мінез-құлыққа қарамастан жеке дара этникалық топ болып қалыптасқан және пушту тілінде сөйлейтін адамдар бір мәдени және әлеуметтік құрылымды құрап, шежіре негізінде ру-тайпаларға бөлінген. Ру-тайпалар өзара «хельдерге» бөлінеді, оларды ірі рулармен теңестіруге болады. «Хельдер» ішінде негізгі бөлім – кеңейтілген отбасы тобы болып табылады. Әрбір жанұяның басшысы «мәлік» деп аталады, ал мәліктердің ең маңыздысы хелдің жетекші «мәлики» болып тағайындалады. Әдеттегі мойынсұнушылық нысаны мәлік, ал отырықшы аудандардағы басшы немесе хан деңгейіндегі тұлға болып саналады. Олар қоғамдық істерде ізбасарларды басқару қабілеті арқылы атақ алады. Пуштун «маликі» тең адамдар арасында бірінші болып табылады және мәртебеге жеке еңбегі мен руластарын шабыттандыру қабілеті арқылы ие болады (Wolpert, 1993: 37). Осы сияқты кез келген зерттеу далалық экспедицияға негізделуі керек дегендей, 2023 жылдың сәуір-мамыр айларында Пәкістандағы ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында пуштун халқының әлеуметтік-экономикалық және тілдік мәселелерін зерттеп жүрген Пешавар университетінің Орталық Азияны зерттеу орталығының директоры, профессор Шабир Ахмад Ханмен тақырыпқа қатысты сұхбат алынды. Нәтижесінде, ерте заманнан бері сақталып, қазіргі уақытқа дейін пуштундар орналасқан елді-мекендерде ер адамдар ғана жиналып, мәміле құратын жеке орын «худжра» барын және оның иесі беделді, ел арасында құрметке бөленіп хан атағына ие болатынын атап өтті. «Худжра» сөзінің мағынасы «бөлме», үй жанынан салынған ауласы бөлек бөлме дегенді білдіреді. Профессор Шабир Ахмад Ханның өз үйінде жеке худжра орналасқан

және әкесінің үйіндегі худжра қазіргі таңда ауыл тұрғындарының мешітіне айналған.



Профессор Шабир Ахмад Ханның әкесінің үйіндегі худжра. Пешавар қаласы

Шабир Ахмад Хан сұхбат барысында пушту тілі – Ауғанстан мен Пәкістанда туған пуштундардың және пахтундардың негізгі және басым тілі болып табылатынын атап өтті де, Ауғанстанда дари-парсы тілдерін бірінші тілі ретінде сөйлейтін пуштундар барын тілге тиек етті. Ал өз кезегінде Ауғанстанның пуштун халқының жалпы саны ел халқының 55% құрайды деп есептесек, оның шамамен 10% дари тілінде сөйлейтіндер, ал қалған 45% пушту тілінде сөйлейтіндер болады. Сол сияқты, ол «сіз Пәкістанда ғасырлар бойы олардың арасында өмір сүріп, хиндко-пенджаби, сераики, барохи және синди сияқты басқа тілдерді қабылдаған пуштундарды таба аласыз» – деді. Соңғы уақытта Карачиде ондаған жылдар бойы тұратын кейбір пуштундар урду тілін бірінші тіл ретінде қабылдады деген ойды алға тартып, Пәкістандағы пушту тілінде сөйлемейтін пуштундардың саны Ауғанстанға қарағанда әлдеқайда аз, мұнда соңғы уақытта талибтердің пайда болуына байланысты пушту тілінің қайта өрлеуі байқалады» – деді. Профессор Шабир Ахмад Ханның ойына қарағанда пуштундар тек пушту емес, әр түрлі тілдерде сөйлейді. Пушту тілі пуштундар сөйлейтін ең көп таралған тіл болғанымен, бұл олар қолданатын тілдердің бірі ғана. Пуштундар басқа тілдерді үйреніп, сөйлей отырып, көршілерімен және басқа мәдениеттермен жақсы тіл табыса алады, деген ойын айқындады.

Пәкістан пуштундары үшін трайболистік ұғымнан жоғары тұратын «жирга» жүйесі болып табылады. Жирга, профессор Шабир Ахмад Ханның айтуынша: «Дауды екі жаққа да қолайлы жолмен шешуге өкілеттігі бар тайпалық адамдар тобының жиналысы» болып саналады. Джирга сөзінің шығу тегі түріктің «шеңбер» дегенді білдіретін «Jirga» сөзінен шыққан (Этимологический словарь монгольских языков)¹. Бұл ақылға қонымды, өйткені Жирга мүшелері әдетте ешкімді артықшылықты немесе күшті деп санамауы үшін шеңберде отырады, «Джирга мүшелерінің арасында төраға жоқ. Олардың барлығы тең» – дегенді білдіреді.

Отырықшы аудандардағы қоғамдық құрылым тайпалық тәртіптен көп нәрсені өзгерту күшіне ие. Бүгінгі таңда хандар отырықшы аудандардағы өздерінің бастапқы жетекшілік рөлінен алшақтап кеткен. Пуштун этносының ішінде егіншілік – отырықшы және тайпалық аймақтардың мәдениетінің ерекше белгісі болып кеткен. Біріншісінде ол суару, егін өсіру және заманауи технологияны пайдалану тұрғысынан әлдеқайда дамыса, отырықшы аудандарда, әсіресе әйелдердің сауаттылық деңгейі жоғары әрі әйелдің де ықпалы артқан болып есептеледі. Бұл жерлерде 60-қа жуық негізгі пуштун тайпалары және 400-ден астам қосалқы рулар шоғырланған. Тайпалық белдеудегі пуштундар сауда, бақылау, жүк тасымалдау жұмыстарымен айналысады. Пуштундар пушту тілінде сөйлейтін адамды білдіреді. Пуштундардың нәсілдік құрамы анық емес. Грек тарихшыларының тұсында осы аумақты мекендеген тайпалар мыңжылдар бұрын Орталық Азиядан көшіп келген ұлы Арий ордасының бір бөлігі болған деп есептейді. Ғасырлар бойы шекарадан өткен грек, парсы, түрік, моңғол басқыншылары өзара ықпалдасып, араласқан және негізгі генетикалық әсерін тигізген деген тұжырымдарда орын алады (Ниязи, 1987: 212).

Пуштун тілінен аударғанда «күл» отбасы дегенді білдіреді. Ол әдетте үлкен отбасын көрсету үшін қолданылады. «Коранай» мен «табар» кішігірім отбасы үшін қолданылады. Кейде бір-бірімен тығыз байланысты отбасылар тобы үшін «күл» қолданылады. Бұл жағдайда «күл» келді «патех күл» және «манғал» тайпасындағы Омар хан «күл» деп атауы мүмкін (Маудуди,

¹ Этимологический словарь монгольских языков: в 3 т. / Институт востоковедения РАН. Гл. ред. Г.Д. Санжеев, ред. Л.Р. Концевич, В.И. Рассадин, Я.Д. Леман. – М.: ИВ РАН, 2016. Том II. – G-P. – 2016. – 232 с.

1959: 27). Дәстүрлі пакистандық қоғамда әр отбасы өзінің табиғи басшысына бағынуы керек. Дәстүрлі түрде үй шаруашылығының басшысы бүкіл отбасы үшін күшті билікке және шешім қабылдауға ие. Әйелдер күйеулеріне дәстүр бойынша бағынады және рулық қоғамда ажырасу немесе бөліну ықтималдығы шамалы. Егер әйелі мен күйеуі арасында келіспеушілік болса, ер адам екінші рет үйленеді және екі отбасын да асырайды (Zahid, Steer, 2007: 82-84).

XIX ғасырда Пәкістанда тайпалардың әрқайсысы «көптеген хелдерге, ал әр хел бірнеше отбасыларға» бөлінген еді. Дәстүр бойынша, әрбір отбасының табиғи басшысы жанама түрде бағынған. Бұл әулет басшыларының тегі бойынша ең үлкені, әдетте, әрқашан емес, билікке ие, бірақ аз бағынатын хелдің мәлікі болып саналады. Аға хелдің басы ру басы екені және патша оған жиі хан атағын беретіні түсінілді. Ол өз тайпасынан табыс алуға батылы жетпеді, бірақ өз жерінің өнімімен өмір сүрді, ал кәпірлер мен сауда-саттық баждарының бір бөлігін алаяқтық жолмен, ал мойынсұнғыш тайпаларда патша салықтарының бір бөлігін иемдену арқылы жүзеге асырылған. Шығыс тайпаларының арасында (әрдайым көтеріліске шыққан, дәлірек айтсақ, тәуелсіздік жағдайында болған) ол өзінің ықпалын асыруда, олжадан жақсы үлес алу үшін пайдаланды деуге негіз бар.

Түсініксіз шежірелер, мифтер, тарихи одақтар мен қақтығыстар және фольклор деректері Пәкістанның ру-тайпалар қатынастарын шырмауықтандырып жіберген. Пуштундар тайпаға, каумға немесе қабиліге, ал кішігірім хел өзара кіші тайпалар немесе руларға бөлініп кеткен. Тайпалар әдетте тайпалық конфедерацияға кіреді, айтарлықтай саны аңызға айналған ата-бабаның атымен аталады, оған хел (туыс) немесе заи (ұлы) жұрнағы жалғанады (Rizvi, 1986: 4-6).

Қайс Абд' ар-Рашид Патхан – барлық пуштундардың арғы атасы болып саналады. Олар сондай-ақ Саул патшадан (Израильдің бірінші Патшасы) шыққан тегі деп мәлімдейді. Әр-Рашид Патханның үш ұлы – Сарбан, Битан және Гургушт еді. Сарбанның үлкен ұлы Шархбун болды және оның ұрпақтары Оңтүстік Ауғанстанда кездеседі. Сарбанның басқа ұлы Харшбунның Пешавар алқабында ұрпақтары бар делінеді (Паничкин, 2005: 19).

Батыс Ауғанстандағы пуштундар Дурранилер деп аталады және Шархбунның ұлы Абдалистен тарайды. Пәкістандағы пуштундар Харшбунның ұлы Юсуфзайдан тарайды, ал

оның ұрпақтары Пешавардың солтүстігінде тұрады. Шинвариелер, Жалалабад маңындағы пуштундар Харшбунның ұлы Касиден тарайды. Битанның Биби Мато есімді қызы Хусайн Гур есімді шетелдікпен отбасы құрған еді. Олар үйленбей тұрып, некесіз ұл туды және олардан Ғалжис руы тарайды. Бұл пушту тайпалары арасындағы ғалжилердің төменгі дәрежесін көрсетеді. Патханның үшінші ұлы Гургушт және одан екі тайпа тарайды; Какарлар мен Сафилер (Ганковский, 1991: 21-27).

Ауғанстандағы екі негізгі тайпалық конфедерациялар – Дурранилер мен Ғалджилер, ал үшінші, Мохманд конфедерациясы Ауғанстан мен Пәкістанды қамтиды. Пушту тілінің төртінші тармағы бүкіл Пәкістанның батысында кездеседі. Олар Патханның төртінші ұлы болған немесе Патхан асырап алған Карранның ұрпақтары деп есептеледі. Карранды ата-бабаларымыз деп санайтын тайпалар; Афридилер, бангаш (шиа), хатақтар, махсудтар, мангалдар және уәзірлер болып саналады. Осылайша пуштундардың бес негізгі тайпалық топтары бар: дуррани, гилзай, карланри, сарбани және гургушт, олардың ішінде дурранилер мен гилзайлар ең ықпалды болып табылады (Ali, 1983: 36).

Осылардың арасында карланри немесе «төбе тайпалары» пуштундардың үшінші үлкен тобы. Олар Пәкістан мен Ауғанстанның арасындағы Вазиристан, Куррам, Пешавар, Хост, Пактия және Пактикадағы шекаралас аймақтарды басып өтеді. Сарбандар географиялық жағынан бөлінген екі үлкен топтан тұрады. Пешавардың солтүстігінде орналасқан үлкен топқа Мохмандтар, Юсуфзайлар және Шинвариелер сияқты тайпалар кіреді, ал кішігірім сегментке солтүстік Белуджистанда шашыраңқы орналасқан Шеранилер мен Тариндер кіреді. Бұл фракция пуштундардың дәстүрлі ақсүйектерінен тұрады (Мукиджанова, 1974: 11-13). Гургуштар болса солтүстік Белуджистанда кездеседі және оларға какарлар, мандохельдер, панарлар және Мұса Хел сияқты тайпалар кіреді.

Пуштун этносы негізі үш тайпалық топқа жатады. Ең көрнекті екі топ, Дурранилер мен Гилзайлар, тайпаларға, руларға және тектерге бөлуге болатын тайпалық конфедерациялар деп аталады. Үшінші ірі пуштун тобына Ауғанстан мен Пәкістанның шығыс шекарасында орналасқан таулы аймақтардағы және шығысқа қарай Инд өзеніне қарай түсетін Пәкістан ойпатындағы тайпалар кіреді. Осы шығыс пуштун тайпаларының арасында Пуштунвали заңдары сақталуда, олар

орталық басқаруды мойындамайды (Плешов, 2003: 117-119).

Жалпы алғанда пуштундар Пәкістанның дәстүрлі қоғамының бөлігі ретінде Пуштунвалиге тәуелді және ел ішіндегі мәдени ерекшеліктерін сақтап келеді. Пуштунвали болса пуштун мәдениетінің өзіндік ерекшелігін анықтайды. Оның көмегімен пуштун қоғамындағы тепе-теңдікті сақтау мүмкін болды және бірегейлік пен рулар арасындағы байланыстарды реттеді. Қоғам дамыған сайын пуштунвали толықтырылды, құқықтық, саяси, экономикалық және мәдени мәселелерге қатысты әртүрлі өзгерістерге ұшырады.

Пәкістандағы трайболизм және оның талдануы. Трайболистік ұғым кез келген халық пен мемлекеттің ішіндегі індет екендігі белгілі. Қазіргі таңда бұл ұғым – өз руластарын мемлекеттік билікке әкеліп, ішкі және сыртқы саясатты руының пайдасына шешу болып табылатыны анық. Сол сияқты Пәкістандағы пуштундардың трайболистік санасының өрбуі мен дамуын салыстырмалы саралаған жөн. Жалпы Пәкістандағы пуштун аймақтары «илак гиар» немесе «Пәкістан заңдарынан тыс жер» деп аталады. Бұл аймақты оның жетекшілері басқаратын тайпалық кеңес билейді және Пәкістан заңының юрисдикциясына толығымен дерлік кірмейді және мұнда Пәкістан конституциясы қолданылмайды. Яғни, қоғам ішіндегі әділеттілік қатаң тайпалық әдет-ғұрыптармен және ислам құқығының консервативті түсіндірмелерімен анықталады.

Пәкістандағы пуштундар жеті пуштундық «бөлік (штат деңгейінде)» солтүстіктен оңтүстікке қарай – Баджаур, Мохманд, Хайбер, Оракзай, Куррам, Солтүстік Вазиристан және Оңтүстік Вазиристан болып бөлінеді. Олар Федералдық басқарылатын тайпалық аймақтың (FATA) бөлігі болып табылады. Малаканд сияқты басқа пуштун топтары Солтүстік-Батыс Шекара провинциясының Провинциялық Басқарылатын тайпалық аймағында (PATA) тұрады. Әрбір «бөлік» Пәкістан үкіметі тағайындаған басшы басқаруы керек. Шындығында, әрбір басшы тайпалар мен провинция губернаторы арасында делдал ретінде әрекет етеді және оның негізгі міндеті – үкімет бақылайтын аумаққа қанды қақтығыстардың төгілмеуін қамтамасыз ету міндеті кіреді.

Пәкістанда жер мен су сияқты мәселелерге байланысты әртүрлі топтар арасында шиеленістер тіркелген. Олардың терең тарихы бар, сол үшін біз Пәкістандағы бес негізгі

этникалық топты саралап, олардың әдетте жеткілікті түрде бөлінгенін және өздерінің географиялық және мәдени орталықтарының бар екендігін байқадық, сондықтан олардың арасында көп қақтығыстар болмайды, олар өз кезегінде қызметтерін нақты бөліп алғанына көзіміз жетті. Әртүрлі этникалық топтар арасындағы ең үздіксіз және жиі кездесетін мәселелер Синдте, ең алдымен синдилер мен мухаджирлер және мухаджирлер мен пуштундар арасында кездеседі. Пәкістандағы ру-тайпалар арасындағы байланыс «жазылмаған» заңдарға негізделген. Ол заңдарды қадағаламаған ру-тайпалар арасында байланыс өте шиеленісті. Сол үшін әрқайсысы басқа этникалық топпен байланысты төрт провинциядан тұратын Пәкістанда – этникалық сәйкестік мәселесі мемлекеттің бірлігіне қауіп төндіретін көптен бері аландаушылық туғызып келеді. Трайболистік ұғым болса елдің барлық жерін қамтыған. Мәселен, Синдх, Белуджистан және солтүстік-батыс шекаралық провинцияға орталық үкіметтен көбірек автономия қажет деген ортақ пікір бар. Федерация бөлімшелері арасында ресурстарды тең және әділ бөлу ешқашан болған емес және бұл үлкен наразылық тудыратын нәрсе деуге толық негіз бар. Солтүстік-Батыс Шекара провинциясының пуштундар партиясы Пәкістанның орталық үкіметтің төрт негізгі функциясын бақылауды жақтайды: сыртқы саясат, қорғаныс, валюта және байланыс (Glatzer, Berndt (1983).

Бұрынғы саяси үстемдікке қарамастан, пуштундар ешқашан біртекті топ құрған жоқ және олардың көпшілігі өз қауымдастығынан шыққан элиталардың қысымының құрбанына айналды десек қателеспейміз. Жеке адамдардың билігі мен көшбасшылығы пуштундарды әртүрлі тайпаларға ғана емес, сонымен қатар әрқайсысы өз шекараларында оқшауланған көптеген кіші тайпаларға бөлетін ұсақ құрылымдарға айналды. Бір-бірінің ісіне араласу олардың тарихында тайпалар арасында қақтығыс туғызып келді, алайда қазіргі таңда Пәкістанның ұлттық бірегейлігі үстем болып келеді. Дегенмен, олардың ішкі шайқастарына қарамастан, олар сыртқы қауіп-қатерлерге немесе пуштундық емес орталық үкіметтің араласуына қарсы болған кезде, жалпы алғанда, біртұтас майдан құру үшін бірігеді. Пәкістанның қазіргі саясаты соңғы кездері негізінен пуштундарды қолдап келеді, бірақ Хайбер-Пахтунхва провинциясында тұратын 13 миллион пуштундардың өз территориясының бір бөлігін жоғалтып алудан қорқып, өзін-өзі билеу талабын қолдамайды.

Жоғарыда аталғандай Пуштундар (Табар) көптеген келге (туыстық топ бірлігі) бөлінген, олар өздері «плариналарға» (ата-бабасы ортақ тайпа бірлігі) бөлінеді, олар өз кезегінде әртүрлі каолдарға (үлкен отбасы) бөлінеді. Осы жүйе бойынша «Марака» – Кайолдар мен Плари-налар деңгейіндегі Жиргаға қарайды. Бұл отбасылардағы немесе олардың арасындағы маңызды емес мәселелермен айналысатын «қалай» мекемесі болып саналады. Қавми Жирга – Кельс пен Табар деңгейіндегі профессор Шабир Ахмад Ханның айтуынша, бұл Жирга тайпаның әлеуметтік тәртібіне орталық болып табылатын маңыздырақ мәселелермен айналысады. Ал, Лоя Жирга – «үлкен» немесе «ұлттық Жирга» саналады. Бұл «тайпа көсемдері өмірлік маңызды ұлттық мәселелерді талқылау және ұжымдық шешімдер қабылдау үшін жиналатын» маңызды институт, соның ішінде егемендік, ұлттық бірлік, билеушіні таңдау, соғыс жариялау немесе жаңа конституция қабылдау мәселелері талқыланады. Мәселен, Жирганың кеңейтілген түрін кезінде президент Хамид Карзай мен Пәкістан президенті Первез Мушарраф Пуштунстан аймағындағы екі ел арасындағы шекараның болашағын талқылаған кезде бірге басқарды.

Қорытынды

Пәкістан 1947 жылы құрылғаннан бері өзінің ұлттық бірегейлігімен күресіп келеді. Бұл сәйкестік дағдарысы жылдар бойы сақталды. Пәкістанның негізі мен негіздемесі елдегі қарапайым адамдармен қатар зиялы қауым арасында әлі де талқыланып, айтылып келеді. Британдықтардан тәуелсіздік алғаннан кейін елдің болашағына екі жол болды. Біріншісі – елдегі ұлттың бірегейлігін қалыптастыру, инклюзивті және қатысу демократиясы үшін демократиялық институттарды құру, этникалық, әлеуметтік және мәдени жағынан алуан түрлі топтарды тану және орналастыру мен барлығына сәйкес келетін жаңа ел құру. Егер ел басшылығы «екі ұлт теориясының» Пәкістанның құрылуы үшін маңызды екенін, бірақ ел құрылғаннан кейін оның өмір сүргенін түсінсе, бұл жолды ұстанған болар еді. Екінші

жол екі ұлт теориясын біртекті пәкістандық ұлттық бірегейліктің негізі ретінде пайдалануды жалғастыру болды. Елдегі этникалық және мәдени әртүрлілікті елемей, бір тіл мен бір сенімнің рәміздерін қолданып, барлығына бірдей қатысы жоқ жаңа ұлттық бірегейлікті жасау бірінші кезекте тұратын еді. Нәтижесі ұлттық бірегейлікке қатысты жалғасқан шата-су және жергілікті этникалық сәйкестіктердің ұлттық бірегейлікпен тұрақты қақтығысы пайда болды. Оның түп тамыры Пәкістанның дәстүрлі қоғамының ішіндегі өзара ру-тайпалардың мәдени ерекшелігі жатты. Дегенмен ел ішіндегі дәстүрлі қоғамның ықпалы жоғары, тіпті діни фактордың өзі де этностар арасындағы байланыстарды алшақтатып отыр. Елдің Шығыс қанаты бөлінгеннен кейін де мемлекет екі ұлт теориясына Пәкістандық ұлтшылдықтың негізі ретінде қатысты ұстанымын өзгерткен жоқ. Бүгінгі Пәкістан, бір жағынан, біртекті пәкістандық сәйкестікті құру мақсатында бұрынғысынша урду тілі мен мұсылман дінін қолданады, ал екінші жағынан, Пәкістандағы ұлттық сәйкестік дағдарысы мен этникалық сәйкестік қақтығыстарын тоқтату үшін күресуді жалғастыруда. Бұл зерттеу субконтиненттегі мұсылман ұлтшылдығы, бөліну жағдайлары және пәкістандық ұлтшылдықтың тууы туралы түсінік қалыптастыру үшін теориялық білім мен қолда бар мәліметтерді пайдалануға ұсыныс болып табылады. Пуштун этносының ішіндегі бір жағынан Ауғаныстанда, екінші жағынан Пәкістанда шашыраңқы өмір сүруінің өзі мемлекеттің тұтастығына едәуір нұқсанын тигізетіні сөзсіз. Осы тұрғыда Пәкістанның дәстүрлі қоғамының өзі ұлттық бірегейлігінің құрамын, эволюциясын және дағдарысы мен соның нәтижесіндегі этникалық, тіпті рулық тайпалық ара қатынасын шиеленістіріп жіберуі ықтимал деген тұжырым жасауға болады.

Мақала «Оңтүстік Азиядағы (Ауғанстан, Үндістан, Пәкістан) ұлттық құрылыстың этникалық, этно-конфессиялық дискурсы» (2022-2024 жж., жобаның ИРН – AP14871064) ҚР БЖФМ Мемлекеттік қорының ғылыми-зерттеу жобасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

- Kennedy C.H. (1991) *The Politics of Ethnicity in Sindh*. Asian Survey, Vol. XXXI.
- Москаленко В.Н., Сидоров М.А. (1979) *Пакистан: трудный путь развития*, Москва.
- Гордон-Полонская Л.Р. (1963) *Мусульманские течения в общественной жизни Индии и Пакистана*, Москва.
- Haqqani H. (2006) *Pakistan: Between Mosque and Military*, Islamabad.
- Glatzer, Bernt (1983). "Political Organisation of Pashtun Nomads and the State" in *The Conflict of Tribe and State in Iran and Afghanistan* ed. by Richard Tapper. London: Croom Helm.
- Белокреницкий В.Я. (2016) *Пакистан Южная Азия исламский мир восток*, Избранные публикации 2008–2016 гг., Москва: ИВ РАН.
- Ерекешева Л.Г. (2005) *Религия и политика в Южной Азии: Индийский Национальный Конгресс и индусско-мусульманская проблема в Британской Индии*, Алматы: Дайк-Пресс.
- Mohammad Q.A., (2011), *Pakistan, Social and Cultural Transformations in a Muslim Nation*, Lahore: Vanguard Books.
- Rais R.B. (1989) *Pakistan in 1988*. Asian Survey, Berkeley, Vol. XXIX, № 2.
- Пластун В. (1995) *Пуштуны и их роль в политической жизни, Азия и Африка сегодня*, Москва, № 10.
- Banuazizi A., Myron W. (1986) *The State, Religion and Ethnic Politics: Afghanistan, Iran and Pakistan*, Syracuse.
- Khan Sh.R. (2004) *Pakistan Under Musharraf (1999-2002)*, Lahore.
- Pakistan 2003. Statistical Pocket Book*. Islamabad.
- Wolpert S. (1993) *Zulfi Bhutto of Pakistan. His Life and Times*. N.Y.
- Ниязи К. (1987) *Ор лайн кат гайа (Рубикон перейден)*. Лахор (на языке урду).
- Маудуди А.А. (1959) *Ислам аур джадид моаши назарийат (Ислам и современные экономические воззрения)*. Лахор (на языке урду).
- Zahid H., Steer I. (2007) *Frontline Pakistan: The Struggle with Militant Islam*. Lahore.
- Taxation of Income and Concession to Industry in Pakistan*. (1960) Karachi.
- Rizvi H.-F. (1986) *The Military and Politics in Pakistan. 1947-1986*. Lahore.
- Паничкин Ю.Н. (2005) *Образование Пакистана и пуштунский вопрос*. Москва.
- Ганковский Ю.В. (1991) *Пакистан. Справочник*. Москва.
- Ali T. (1983) *Can Pakistan Survive? The Death of a State*. Harmonds-wotrth.
- Мукиджанова Р.М. (1974) *Пакистан, Южная Азия и политика США*. Москва.
- Плешов О.В. (2003) *Ислам, исламизм и номинальная демократия в Пакистане*. Москва.

References

- Kennedy C.H. (1991) *The Politics of Ethnicity in Sindh*. Asian Survey, Vol. XXXI.
- Moskalenko V.N., Sidorov M.A. (1979) *Pakistan: a difficult path of development*, Moscow.
- Gordon-Polonskaya L.R. (1963) *Muslim Currents in the Public Life of India and Pakistan*, Moscow. Haqqani H. (2006) *Pakistan: Between Mosque and Military*, Islamabad.
- Glatzer, Bernt (1983). "Political Organisation of Pashtun Nomads and the State" in *The Conflict of Tribe and State in Iran and Afghanistan* ed. by Richard Tapper. London: Croom Helm.
- Belokrenitsky V.Y. (2016) *Pakistan South Asia Islamic World East, Selected Publications 2008-2016*, Moscow: IV RAS.
- Yerekeshova L.G. (2005) *Religion and Politics in South Asia: The Indian National Congress and the Hindu-Muslim Problem in British India*, Almaty: Dike Press. Mohammad Q.A., (2011), *Pakistan, Social and Cultural Transformations in a Muslim Nation*, Lahore: Vanguard Books.
- Rais R.B. (1989) *Pakistan in 1988*. Asian Survey, Berkeley, Vol. XXIX, № 2.
- Plastun, V. (1995) *Pashtuns and their role in political life, Asia and Africa Today*, Moscow, No. 10.
- Banuazizi A., Myron W. (1986) *The State, Religion and Ethnic Politics: Afghanistan, Iran and Pakistan*, Syracuse.
- Khan Sh.R. (2004) *Pakistan Under Musharraf (1999-2002)*, Lahore.
- Pakistan 2003. Statistical Pocket Book*. Islamabad.
- Wolpert S. (1993) *Zulfi Bhutto of Pakistan. His Life and Times*. N.Y.
- Niyazi, K. (1987) *Ор лайн кат гайа (Rubicon crossed)*. Lahore (in Urdu).
- Maududi, A.A. (1959) *Islam aur jadid moashi nazariyat (Islam and modern economic views)*. Lahore (in Urdu).
- Zahid H., Steer I. (2007) *Frontline Pakistan: The Struggle with Militant Islam*. Lahore.
- Taxation of Income and Concession to Industry in Pakistan*. (1960) Karachi.
- Rizvi H.-F. (1986) *The Military and Politics in Pakistan. 1947-1986*. Lahore.
- Panichkin Y.N. (2005) *Education of Pakistan and the Pashtun Question*. Moscow.
- Gankovsky Y.V. (1991) *Pakistan. Reference book*. Moscow. Ali T. (1983) *Can Pakistan Survive? The Death of a State*. Harmonds-wotrth.
- Mukimjanova P.M. (1974) *Pakistan, South Asia and US policy*. Moscow.
- Pleshov O.V. (2003) *Islam, Islamism and nominal democracy in Pakistan*. Moscow.

Авторлар туралы мәлімет:

Канафьева Шынар Ерлановна (автор-корреспондент) – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Таяу Шығыс және Оңтүстік Азия кафедрасының PhD докторанты, Қазақстан, Алматы қ. e-mail: shinar.kanafeva@kaznu.kz

Information about authors:

Kanafyeva Shynar (corresponding author) – PhD student of the Middle East and South Asia Department at Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan, Almaty, e-mail: shinar.kanafeva@kaznu.kz

*Келін түсті 29 шілде 2023 жыл
Қабылданды 27 ақпан 2024 жыл*